

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының
білім бөлімінің «Жансәби» бөбекжай балабақшасы жекеменшік
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Менгеруші жанындағы кеңес



2024-2025 оқу жылы

Бекітемін:
«Жансәби» бөбекжай балалақша
меңгерушісі: Темірхан С.Б.



2024-2025 оқу жылының меңгеруші жанындағы
кеңес жоспары мен хаттамалары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	№1 кеңес	Қыркүйек		
1.	1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу, тексеру қорытындысы. 2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық. 3. «Республика күні», «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту.		Б/б меңгерушісі	
	№2 кеңес	Қараша		
2	1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде есеп алу. 2. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің сценарийларын бекіту. 3. Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы, тақырыпты тексеру қорытындысы		Б/б меңгерушісі	
	№3 кеңес	Қаңтар		
3	1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Тәрбиеленушілердің білім деңгейін анықтау. Аралық мониторинг.		Б/б меңгерушісі Топ тәрбиешілері	

	№4 кеңес	Наурыз		
4	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалы жөнінде есеп. 2. «Аналар мерекесі», «22-наурыз мерекесі» іс-шараларының бағдарламасын бекіту. 3. Логикалық ойындардың жоспарлануы өткізілуі. Ересек топ тақырыпты тексеру қорытындылары.		Б/б менгерушісі Топ тәрбиешілері	
	№5 кеңес	Мамыр		
5	1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалу жөнінде. 2. «Балабақшамен қоштасу» және «1-маусым балалар күніне» арналған іс-шараларды бекіту. 3. Жазғы сауықтыру шараларын бекіту. 4. Жөндеу жұмыстары жөнінде мәселелер.		Б/б менгерушісі Топ тәрбиешілері Әдіскер	

Хаттама №1

09.09.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.
Шолу, тексеру қорытындысы.
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.
3. «Республика күні», «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, қорытындылап балабақша меңгерушісі Темірхан С.Б. таныстырып өтті. Болашақ бүгіннен басталатынын тереңнен ұғына білсек жас ұрпақтың тағдыры, оның келешегі, жан жақты ұрпақ етіп тәрбиелеу біздің басты міндетіміз екендігін көрсетеді. Әр бала өз отбасының шаттығы, ата-ананың бізге берген аманаты екенін ескеруіміз қажет. Сол аманатқа қиянат жасамай қамқорлық пен мейрімділік көрсету біздің міндетіміз. Балаларға тәрбие мен білім беруде балаға ұстап көруге, әрекет етуге арналған құралдар, суреттер, заттар, көрнекіліктер қажет. Ол сапалы, қауіпсіз, ыңғайлы, болуын ескеру қажет. Жалпы топтарға тоқталсам көрнекіліктер мен дамытушы құрал жабдықтарды әліде толықтыруды тапсырамын. Үлестірмелі материалдарды көбейту қажеттілігін ескертемін. Балалардың әдемі жұмыстарынан көрме ұйымдастыру және ата-аналарына көрсетуді ұсынамын. Ұжымдық жұмыстарға үйрету керектігін ескертемін. Балаларға еркін қимылдап, өз ойын еркін айтуға, балабақшада еркін сезінуге ықпал ету қажетпіз. Топ ішіндегі балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға мейлінше ықпал ете білуіміз қажет. Жаңа оқу жылы барысында ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысын иейлінше балаларға тиімді пайдалана отырып, жас ерекшеліктерін ескеруді ұсынамын.

Тыңдалды:

Жалпы ата-аналармен қарым қатынасты нығайту мақсатында ата-аналармен жиналыстарды жиі өткізіп тұруды ұсынамын. Ата-аналармен біріге отырып балаларды

дамыту, шығармашылығын шыңдау, денсаулығына қамқорлық жасауға, тазалыққа үйрету сынды бірлескен жұмыстарды атқаруымыз қажет.

Жыл басында жалпы ата-аналар жиналысы барысында балабақшаның тыныс тіршілігімен таныстырып, ата-аналар комитетін сайлау, сонымен қатар бірлескен іс-шаралар бойынша жоспар құру, ата-аналармен тығыз қарым-қатынасты орнату бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізу.

Тыңдалды:

Оқу жылының басында келетін әр түрлі мерекелер мен іс-шаралар туралы жоспарларды нақтылап бекітіп жұмысты қарқынды жүргізу. «Республика күні», «Қарттар күні», «Алтын күз» мерекелерін өткізу. Әрбір ісшараны жауапкершілікпен қарап, балаларға қызықты өткізе білейік. Балаларды отан сүйгіштікке, қамқорлыққа, үлкенге деген сыйластыққа балуу керекпіз. «Алтын күз» мерекесіне балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілігін, танымдық қызығушылығын арттыра білуіміз қажет. Балаларды табиғатпен бірге дамыта білуіміз керек. Әрбір мерекенің өзіндік өзектілігі бар, біз соны аша білуіміз керек.

Осы орайда аталға іс-шаралар тек такпақтар ғана айтып би билеп қана қоймай, ойын түрінде өткізуді тапсырамын. Сахналау, кейіптендіру, жеңіл рөлдік ойындар ретінде өткізуді тапсырамын.

Шешім:

1. Жалпы ата-аналар жиналысы өткізілсін.
2. Бағдарлама бойынша іс-шараларды жоспарлау.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Темірхан С.Б.
Касынбекова К.А.

Хаттама №2

03.11.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде есеп алу.
2. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің сценарийларын бекіту
3. Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы, тақырыпты тексеру қорытындысы

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 1

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Темірхан С.Б. сөз алды. Өткен кеңестің шешімдері бойынша сөз қозғады. «Алтын күз» мерекесі жақсы өткенін айтқым келеді, сонымен қатар Қарттар күніне орай балалармен үлкен қарияларды, ата-әжелерімізді құрметтеу мен қуанту мақсатында ұйымдастырған жобамыздыда айтқым келіп отыр. Сііздерге алғысым шексіз. Керемет ұйымдастыру мен жоба болды. Келесі мәселе алдағы желтоқсан айында Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздігім тұғырым» атты ертеңгілікті өткізу. Балалаларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу мен отан деген ұғымды қалыптастыру қажет. Ертеңгілік барысында слайдтар мен әртүрлі көрнекіліктер әзірлеп, рөлдік ойындар ұйымдастыруға болатынын жеткізгім келеді. Өз Отанына, туған жерінедеген сүйіспеншілікті арттыра отырып, ана тілін әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтай білуге, патриоттық сезімді оятуға тәрбиелеу қажет.

Қыс мезгілі ұғымында күнделікті түсіндірме жұмыстары мен ойын түрлері, құрастыру, қыз қызығы мазмұны бойынша сурет салу сынды, сонымен қатар серуен және дене ойындары арқылы балаларды қыс мезгілінің қызығымен таныстыра білу. «Жаңа жыл» ертеңгілігі бойынша әрбір жеке тәрбиеленушінің жаңа қырынан ашылуына ықпал ету. Осы орайда мерекелік бағдарламаның жоспарын бекітуді талап етемін.

Тәрбиеленушілердің танымдық ортаны тануда әртүрлі тәсілдер арқылы меңгереді. Мысалы; топтастыру, салыстыру, ұстап көру, сипап сезу арқылы балада түсінік қалыптасады. Баланың білім құмарлығы табиғи құбылыстар мен нысандарды

ықыласпен түсінуі және қызығуы. Балаларды қоршаған ортамен таныстыруда табиғат құбылыстары: найзағай, жел, жаңбыр, күннің шуақты күндері, су мен құмның қасиеттерімен нақты таныстыру маңызды. Баланың алғашқы таным жүйесі табиғат пен оны қоршаған ортамен байланысты. Мысалы: жануарлар мен өсімдіктер, айналадағы түрлі техникалармен ғимараттар.

Қыс мезгілі барысында серуеннің де маңызы бар. Бірақ балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы басты орында. Балаларға күннің қысқаруы, қардың жауу барысы, ақ ұлпа қарды ұстап сезінуі де танымдық іс-әрекет. Қар үстіне сурет салу, суды түрлі түске бояп оны қатыру секілді қызықты дүниелерді ұйымдастыра білудіміз керек. Медбике жұмысы барысында балалардың тұмау сынды вирусты аурулардың алдын алу түсіндірме жұмыстарын жүргізуді ұсынамын.

Шешім:

1. Өткен кеңестегі шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Бағдарлама бойынша іс-шараларды жоспарлау.
3. Тақырыпты тексеру жұмыстары жоспарға енгізіліп, жыл мезгілдеріне сай жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Темірхан С.Б.
Касынбекова К.А.

Хаттама №3

08.01.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиеленушілердің білім деңгейін анықтау. Аралық мониторинг.

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Темірхан С.Б. өткен кеңес шешімдері бойынша қателіктер мен ұсынымдар айтты. Өтілген жаңа жыл ертенгілік тамаша өтті деп айта аламын. Алайда балалардың рөлдік ойындарына дайындықтың аз болғанын айта кеткім келеді. Ата-аналармен ұйымдастырылған ойындар өте қызықты, көңілді өтті. Алдағы кезеңде балалардың жас ерекшелігіне қарай ойын барысында дыбыстарды дұрыс айтуға, өзін дұрыс ұстауға үйретуге, мәнерлеп әңгімелесуге, сөздік қорын байытуға, мамандықтар мен заттардың атауын дұрыс айтуға, ортада ойын емін-еркін жеткізуге жұмыстар жүргізілсін. Сонымен қатар балалардың бастапқы келген сәттен бастап даму ерекшеліктері бойынша сараптама жасалсын. Бастапқы мониторинг қорытындысы мен аралық мониторинг бойынша тәрбиешілерден есеп алды. Аралық мониторинг бойынша балалардың даму ерекшеліктері, дағдыларының қалыптасуы, іс әрекеттері, физикалық даму көрметкіштері бойынша оқу жылын соғына дейін жақсы көрсеткіштерге жетеміз деген ойдамын. Осы орайда балалардың физикалық қимыл-қозғалыстары бойынша ойын-сауық және жарыстар өткізуді талап етемін. Әрбір тәрбиеленуші-жек тұлға. Әрбір бала-жарқыраған жұлдыз. Әрбір баланың өзіндік қабілеттерін дамыта білу керек.

Шешім:

1. Өткен кеңестегі шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Ұйымдастырылғын іс-әрекеттер бойынша есеп алу.
3. Аралық мониторинг қорытындысы бойынша жеке даму картасын толықтырулар жүргізу.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Темірхан С.Б.

Касынбекова К.А.

Хаттама №4

03.03.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалы жөнінде есеп.
2. «Аналар мерекесі», «22-наурыз мерекесі» іс-шараларының бағдарламасын бекіту.
3. Логикалық ойындардың жоспарлануы өткізілуі.
Ересек топ тақырыпты тексеру қорытындылары.

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Сапарбаева Г.А.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. сөз алды: өткен кеңес шешімдері бойынша қанағаттанарлық деп танылсын. Қыз мезгілін аяқтап көктемнің шуақты күндері де келіп жетті. Алдағы кезеңде «Аналар мерекесі», «22-Наурыз» мерекесі келе жатқанын білесіздер. Ата-аналарымызбен бірлесе отырып іс-шараларымызды қызықты өткізуді тапсырамын. Ертеңгіліктердің мазмұнын дайындап, сценарийін бекіту.

Сөз сөйледі: Тәрбиеші Темірхан С.Б. «Аналар мерекесі» еренгілімізге дайындығынын жақсы екенін айтты. Балалар аналарна арнап ән айтып, би билеп береді. Сонымен қатар сюжеттік-рөлдік ойын арқылы аналарымызды құрметтуге, қамқор болуға баулуға болатындығын жеткізді. Балалар өздерінің қолдарынан жасалған гүл шоқтарын дайындап, оны аналар мерекесінде сыйлауға дайын екенін жеткізді. Ал 22-Наурыз мерекесін ата-аналарымыздың, әжелеріміздің қатысуымен киіз үй құрылып ұлттық тағамдар мен ұлттық ойындар ойналатыны туралы жеткізді. Қазақтың салт-дәстүрінің бірі «Тұсау кесер» ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер арасында асық ату, арқан тартыс сынды ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ойын түрлерін ұйымдастыратындығын жеткізді.

Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. «Логикалық ойындардың жоспарлануы мен өткізілуі» атты тақырыпты тексерудің қорытындысына тоқталып өтті.

«Балапан» ортаңғы топ тәрбиешісі Мәжіт А. ұйымдастырылған іс-әрекеттеріндегі жоспарларға сабақ мазмұны, жоспарларға сай алынған. «Кім тез?» «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды» жіктеп бөліп жинау сынды.

«Толағай» ересек тобы тәрбиешісі Темірхан С.Б. «Ойлан тап», Ертегіден үзінді оқу, «Бағдаршам», «Мен не жасадым?», «Көңілді әуендер», «Лото», «Дамино», «Сиқырлы калта» ойындары жоспарланған. Осы ойын тәсілдері күнделікті іс-әрекеттерде пайдалан білу, балаларды қызықтыра білу арқылы біз балалардың ойлау қабілетін, зейінін қалыптастыруды, түстерді ажырата білуді, есту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамытамыз. Тәрбиеші осы орайда тахнолог, зерттеуші, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, балалардың қызығушылығын оята білетін жан-жақты болуы тиіс. Ойын-ойлау қабілетті дамытатын негізгі құрал. Ойын барысында балалар бір бірін күте білуді, кезекке тұруды, сөз жарыс жұмбақтар барысында тапқыр, әрі жылдам болуды үйренеді. Бұл өз кезегінде балалар арасындағы бәсекелестік емес, өзінің алғыр екендігін, шапшаң қимылдау қажеттілігін үйретуі қажет. Жекелеген әдіспен қатар, топтық жұмыс пен ойын барысын қолданудың маңызды екені ескерген жөн. Балалар теория жүзінде емес практика жүзінде үйренеді. Яғни көру, ұстау, сезіну, тыңдау. Баланың ойын барысындағы эмоциясын, іс-әрекетін, мінез-құлқын қалыптастыру әрине оңай жұмыс емес. Алайда баланы топтық жұмыстарда қолдау көрсету тәрбиешінің жұмысы.

Шешім:

1. Өткен кеңестегі шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Іс-шаралар бойынша дайындықты күшейту.
3. «Аналар мерекесі» наурыз айының 06.03.2025 күні өткізілсін Жауапты: әдіскер Темірхан С.Б.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Сапарбаева Г.А
Касынбекова К.А.

Хаттама №5

14.05.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалу жөнінде.
2. «Балабақшамен қоштасу» және «1-маусым балалар күніне» арналған іс-шараларды бекіту.
3. Жазғы сауықтыру шараларын бекіту.
4. Жөндеу жұмыстары жөнінде мәселелер.

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Сапарбаева Г.А.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. сөз алды: өткен кеңес шешімдері бойынша қанағаттанарлық деп танылсын. Әрбір мереке, іс-шараларды өткен кездегі басты мақсатымыз ата-аналарымызбен бірлесе отырып айналамызды қоршаған әлем мен құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылық іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлға қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуға талпынысын ояту. Әрбір мереке барысында ата-аналарымызбен балапандарымыздың қуанышты жүзін көру біз үшін мәртебе.

Балаларды балабақшамен қоштасу мерекесін өткізу бойынша тәрбиешілер сөз алды: «Толағай» топ тәрбиешісі Темірхан С.Б. өз кезегінде тәрбиеленушілерді балабақшамен қоштасу мерекесіне қызу дайындықты бастағанын жеткізді. Мамыр айында мерекелік ертеңгіліктер өте көп. «Ынтымақ күні», «7-мамыр Отан қорғаушылар күні», сонымен қатар «Балабақшамен қоштасу кеші». Аталған мерекелерді жоғары деңгейде өткізуге, балаларға қызықты етіп, ойын арқылы түсіндірме жұмыстары, сурет салу, құрастыру, видеороликтерді көрсету арқылы барынша мән-мағынасын түсіндіруге тырысып жатырмыз. Тәрбиеленушілерге тақпақтар мен әндер, билер мен рөлдік ойындар ұсынылды. Ата-аналардың қатысуымен ойын ұйымдастырып жатырмыз.

Баалабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. жазғы сауықтыру шаралары бойынша сөз алды: Жазғы сауықтыру бойынша жұмыс жоспарларымен педагогтарды таныстырып, кімге қандай жауапкершілік жүктелгені туралы мәлімдеді. Балалар жазғы демалысты сезіну керек. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бірінші орында. Осы орайда балабақша медбикесі жауапкершілікпен қарап, белсенді жұмыс атқарсын. Іс-шаралар түрлі ойындар, дидактикалық, музыкалық, зерттеу ойындары, спорттық жарыстар, жаттығулар енгізілді.

Балабақша ішіндегі жаз мезгіліндегі әктеу, сырлау, жөнжеу жұмыстары қолға алынсын. Балабақшаны жаңа оқу жылына орай қайта безендіру жұмыстары жүргізілсін. Ойыншықтар мен оқу құрал жабдықтары жаңартылсын.

Шешім:

1. Өткен кеңестегі шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Іс-шаралар бойынша дайындықты күшейту.
3. «Жазғы сауықтыру» бойынша жұмыс жоспарын бекіту.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Сапарбаева Г.А
Касынбекова К.А.